



Ақпараттық хат

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2022 жылғы 25 ақпандағы № 14-2 / 287-ВН хатына сәйкес 2022 жылы «Менеджмент» мамандығы бойынша Республикалық студенттік пәндік олимпиаданың базасы «Almaty Management University» оқу орны болып табылады.

2022 жылдың 21 сәуірінде «Алматы Менеджмент Университеті» ББМ-де «Менеджмент» мамандығы бойынша «Жаңа цифрлық технологиялар дәуіріндегі басқарушылық аналитика» тақырыбына XIV Республикалық студенттік пәндік олимпиаданың II кезеңі өтеді.

Олимпиаданың қолданыстағы тілдері: қазақ, орыс, ағылшын.

Олимпиадаға қатысуға «Менеджмент» мамандығының/ білім беру бағдарламасының күндізгі бөліміндегі бакалавриаттың студенттері жіберіледі. Қатысушы студенттердің мәлімделген мамандығына сәйкестігі міндетті шарт болып табылады.

Жеңімпаздар AlmaU дипломдарымен марапатталады:

- 1 орынға - I дәреже (бір студенттен артық емес);
- 2 орынға - II дәреже (екі студенттен көп емес);
- 3 орынға - III дәрежелі (үш студенттен көп емес).

Дипломдар Олимпиада соңында беріледі. Республикалық студенттік пәндік олимпиаданың барлық қатысушылары қатысқаны үшін сертификаттар алады.

Олимпиада келесі 2 турдан тұрады:

1. Бейне-визитка және компанияның SWOT- талдауы (2-қосымша). Іс-шараның форматы онлайн.

2. Қазақстандық компаниялардың кейстерін шешу AlmaU базасында жүзеге асырылатын болады (Алматы қаласы). Жоспарланған формат - аралас (офлайн/онлайн). Алматы қаласындағы ЖЖОКБҰ студенттері үшін – офлайн, Олимпиадаға басқа қаладан қатысушылары үшін онлайн формат болуы мүмкін.

Конкурстық өтінімге келесі құжаттар тізімі кіреді:

- 1-қосымшаға сәйкес қатысуға өтінім;
- Олимпиаданың I кезеңінің қорытындысы туралы ректордың (проректордың) қолы қойылған хат немесе II кезеңге 3 адамнан аспайтын – әр тіл бөліміне бір студент қатысуға ұсыныс жасаған ЖОО Ғылыми кеңесінің шешімі.
- Олимпиаданың II кезеңінің 1 турының орындалған тапсырмасы (2-қосымша).

XIV Республикалық студенттік пәндік олимпиадаға қатысу үшін құжаттардың барлық пакетін 2022 жылдың 3 сәуіріне дейін (қоса алғанда) **rspo.almu.2022@gmail.com** электронды поштасына жіберу қажет.

Олимпиадаға қатысты барлық материалдар мына сілтеме бойынша орналастырылады:

<https://drive.google.com/drive/folders/19ocPtcGJTtly4kH0PLKR8bSrcnPhPFjb?usp=sharing>.

Қатысушыны тіркеуден мынадай жағдайларда бас тартылуы мүмкін:

- өтінімді кеш тапсыру;
- өтінімнің олимпиада талаптарына сәйкес келмеуі;
- Толық емес немесе шындыққа сәйкес емес құжаттарды тапсырған жағдайда;

- қатысушылардың мәлімделген мамандығына сәйкес келмеуі;
- плагиатқа тексеру нәтижелері бойынша, егер жұмыс ұқсастық коэффициенттері бойынша бірегейлік талаптарына сәйкес келмесе (3-қосымша).

1-турдың қорытындысы бойынша ең жоғары ұпай жинаған 12 қатысушы (әр тіл бөлімінен 4 жеңімпаз) іріктеліп, 2-ші турға қатысуға шақырылады **(21.04.2022)**.

Олимпиадаға қатысуға байланысты барлық шығындарды (келу, кету, тамақтану, тұру) жіберуші ЖОО көтереді.

Барлық сұрақтар бойынша төменде көрсетілген нөмірлерге хабарласуыңызға болады:

жұм. тел.: +7 (727 2) 313 30 40 (ішкі 154); каб. 228,

ұялы тел.: +7-701-516-59-51

«Менеджмент» ББ бағдарламасының программ-лидері, э.ғ.к. -
Жанбырбаева Сәнім Мамановна

электрондық пошта: s.janbirbaeva@almu.edu.kz

Олимпиаданы ұйымдастыру комитеті



ALMA
ALMATY MANAGEMENT
UNIVERSITY
— Powered by —
Arizona State University

1 Қосымша

«Жаңа цифрлық технологиялар дәуіріндегі басқарушылық аналитика»
тақырыбына «Менеджмент» мамандығы бойынша XIV Республикалық
студенттік пәндік Олимпиада

Қатысуға өтінім

ЖОО атауы	
Қатысушының дербес деректері	
Студенттің аты жөні	
Мамандық/білім беру бағдарламасы	
Оқыту тілі (қазақ, орыс, ағылшын)	
Курс	
Телефон	
e-mail	
Ғылыми жетекшінің дербес деректері	
Ғылыми жетекшінің аты-жөні	
Телефон	
e-mail	
1-турдың бейне визитка-тапсырмасына сілтеме (Google Drive)	

Осы арқылы мен ұсынылған дербес деректердің шындығын растаймын, дербес деректерді жинауға және өңдеуге және оларды әлеуметтік желілерде орналастыруға келісім беремін.

Білімгердің аты-жөні

қолсы

Күні: _____ 2022 г.



«Менеджмент» мамандығы бойынша «Жаңа цифрлық технологиялар дәуіріндегі басқарушылық аналитика» тақырыбына
XIV Республикалық студенттік пәндік олимпиаданың
II кезеңнің 1-тур тапсырмасының сипаттамасы

1-турдың тапсырмасы екі бөлімнен тұрады:

1. **Бейне-визитка** (максималды балл - 10 ұпай): бейне Google Drive-қа жүктелуі керек, оған сілтемені «Қатысуға өтінімде» көрсетіңіз (1-қосымша), сондай-ақ бүкіл құжаттар пакетін rspo.almu.2022@gmail.com поштасына жіберіңіз. Бейнеңізді жүктеп алуға рұқсат бергеніңізге көз жеткізіңіз.

2. Компанияның SWOT талдауы (максималды балл – 90 балл): орындалған тапсырма барлық құжаттар пакетімен rspo.almu.2022@gmail.com электрондық поштасына хатпен жіберіледі.

Бейне мазмұнына қойылатын талаптар:

- университетті таныстыру;
- студенттің өзін-өзі таныстыруы;
- «Жасанды интеллект менеджердің орның баса ала ма?» деген сұраққа жауап.

Бейне визит картасына қойылатын техникалық талаптар:

- ұзақтығы - 2 минуттан аспауы қажет;
- бейне форматы mp4, IGTV арқылы Instagram-ға жүктеп салуға жарамды болу қажет.

Талаптарға сәйкес келмейтін жұмыстар қабылданбайды.

Бейне-визиткасының бағалау критерийлері:

бейнелер олимпиада аккаунтында Instagram әлеуметтік желісінде орналастырылады:



olympia_almu

04.04.2022 Алматы уақыты бойынша сағат 12:00-де бұл аккаунт көру және дауыс беру үшін ашылады.

2022 жылдың 15 сәуірінде Алматы уақыты бойынша сағат 23:59-да бұл аккаунт нәтижелерді есептеу үшін жабылады.

Дауыс беру ашық түрде, атап айтқанда ең көп ұнаған бейнеге «лайк» қою арқылы жүзеге асырылады. Бейне астындағы пікірлер саны есепке алынбайды.

Дауыстарды жасанды түрде бұрмалау фактілері анықталған жағдайда сол қатысушының нәтижелері жойылады.

SWOT – талдау мазмұнына қойылатын талаптар:

- зерттеу объектісі «Қазақтелеком» АҚ (барлық қатысушылар үшін міндетті), зерттеу ашық көздерден алынған кез келген деректер бойынша жүргізіледі;
- SWOT талдау матрицасының әрбір шаршыда 5 элементтен көп емес;
- әрбір мәлімделген бап бойынша талдаулар мен қорытындылардың болуы;
- ортақ қорытындыға ие болу;
- пайдаланылған көздерге сілтемелерді көрсету.

SWOT – талдауға тапсырмаға қойылатын техникалық талаптар:

- титул парағында: университет атауы, студенттің толық аты-жөні, курс, мамандық/білім беру бағдарламасы; ғылыми жетекшінің толық аты-жөні, оның лауазымы және ғылыми дәрежесі көрсетіледі;
- екінші парақта – «Қазақтелеком» АҚ SWOT-талдау матрицасы;
- үшінші парақтан бастап – негіздеу, талдау және қорытындылар;
- соңғы парақ – пайдаланылған көздерге сілтемелер;
- құжат пішімі - Pdf, файл атауы келесідей пішімделген:
Университет аты_Студенттің тегі_SWOT.

Мәтіндік талдауды жобалауға қойылатын талаптар:

Шрифт – Arial, шрифт өлшемі – 12, бас жол – 1,25, жоларалық интервал – 1,15. Құжат жиектері: үстіңгі және астыңғы жағы – 2 см, сол жағы – 3 см, оң жағы – 1,5 см. Мәтінді теңестіру – ені бойынша.

SWOT талдауының бағалау критерийлері:

- плагиатқа қарсы тексеру жүйесінен өту, «StrikePlagiarism» жүйесінде плагиат тексеруінің ұқсастық коэффициенттерінің $\text{ҰК1} \leq 30\%$ және $\text{ҰК2} \leq 5\%$ сәйкестігі (3-Қосымша);
- мазмұнына қойылатын талаптарын сақтау;
- техникалық талаптарға сәйкестік;
- баяндау логикасы мен жүйелілігі;
- сыни талдау;
- қалыптан тыс шешім;
- қорытындылардың негізділігі мен анықтығы.

1-ші турдың қорытындысын шығару және 2-ші турға қатысуға шақыруларды жіберу 18.04.2022 ж.



ALMA
ALMATY MANAGEMENT
UNIVERSITY
— Powered by —
Arizona State University

3 Қосымша

«Жаңа цифрлық технологиялар дәуіріндегі басқарушылық аналитика»
тақырыбына «Менеджмент» мамандығы бойынша XIV Республикалық
студенттік пәндік олимпиадаға қатысушылардың жұмыстарын
плагиатқа қарсы жүйе арқылы тексеру

Олимпиадаға қатысушылар орындаған тапсырмаларды комиссия қарау алдында барлық жұмыстар «StrikePlagiarism» лицензиялық апнтиплагиат жүйесі арқылы олимпиаданы ұйымдастырушылармен тексеріледі.

Бұл жүйе мәтіннің бірегейлігінің пайызын көрсетпейді, бірақ ұқсастық коэффициенттерін (бұдан әрі - ҰК) есептейді:

- №1 ҰК - белгілі бір көздерде табылған, қатарынан *кемінде 5 сөзден тұратын* мәлімет деңгейін анықтайтын пайызбен көрсетілген мән. Сонымен қатар, егер дереккөздерге тиісті сілтемелер жасалмаса, төмен пайыздық плагиаттың болуын жоққа шығармайды.

- №2 ҰК - белгілі бір көздерден табылған, қатарынан *кемінде 25 сөзден тұратын* мәлімет деңгейін анықтайтын пайызбен көрсетілген мән. Сонымен қатар, егер дереккөздерге тиісті сілтемелер жасалмаса, төмен пайыздық плагиаттың болуын жоққа шығармайды.

Олимпиадада қарастыруға ұсынылған жұмыстарды тексеру нәтижесінде ҰК үшін қолайлы мәндер диапазоны:

- **№1 ҰК - 30%-ға дейін (қоса алғанда);**
- **№2 ҰК - 5% дейін (қоса алғанда).**

Жұмыста берілген, бірақ кез келген дереккөз түрінен алынған кез келген ақпарат мәтінде пайдаланылған дереккөздердің түпкілікті тізімінде көрсетілген бастапқы дереккөздің нөмірі түрінде сілтеме жасалуы керек.